

КЕЛІСІМ ШАРТ

білім беруде ерекше қажеттілігі бар баланы оқыту мен тәрбиелеу туралы

« 1 » 09 2023 ж.

Алматы облысы Балқаш ауданы «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мектеп директоры Денгелбаева Н.Г., мекеме Жарғысы негізінде жұмыс атқарушы, және

Әсет Нұрназар Болатұлы
(оқушының аты-жөні)

Әкесі

Анарбеков Болат Асетович
(аты-жөні толығымен)

Анасы

Байболова Назира Тынышбековна
(аты-жөні толығымен)

(бұдан әрі «Ата-ана») төмендегідей келісім шартқа отырдық:

1. Шарттың мәні

- 1.1. Қазақстан Республикасының білім заңы шеңберінде қызмет көрсету, ҚР Білім және ғылыми министрінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №725 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық консилиум құру Ережесіне» сай оқушының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып білім беру қызметін көрсету.
- 1.2. Негізгі келісім Ата-ана мен арасындағы қарым-қанытасты реттейді және анықтайды.
- 1.3. Ж.Бәрібаев атындағы орта мектеп оқушының мүмкіндігін ескере отырып жеке бағдарламасын әзірлеуге, балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, екі жақты ерікті қызметтестік негізде бірігіп қызмет етуге міндеттенеді.

2. Жалпы ережелер

2.1. «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемеге оқушыны қабылдау және оқыту жағдайы.

Оқушы

Әсет Нұрназар Болатұлы
(оқушының аты-жөні)

«№ 985 Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» мекемесінің (ПМПК) қорытындысы негізінде, ата-анасының өтініші және білім басқармасымен бекітілген құжаттар тізімі бойынша 2023-2024 оқу жылына I сыныпқа қабылданады.

а) оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің мамандары ПМПК мекемесінің ұсынысын және оқушының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, түзете-дамыту жоспарын құрастырады.

б) Оқушыға мемлекеттік жалпы білім стандарты және ПМПК ұсынысы негізінде мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум құрылады

және оқыту-тәрбиелеу (баланың мүмкіндігіне бағытталған) бағдарламасы жасақталады.

2.2. Ата-ана және «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекеме оқушының жеке оқыту бағдарламасын және сабақ кестесін өзара шешеді.

2.3. «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемесі заңға сай оқыту үдерісін бағалайды және аттестация қорытындысы туралы шешім шығарады.

3. Құқықтар мен міндеттемелер «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемесі құқылы:

3.1. Оқушының жеке басының ерекшеліктері мен басымдықтарын айқындау мақсатында жан-жақты бақылау жүргізуге;

3.2. Баланың мүмкіндіктерін ескеріп, ата-анасымен ақылдасып, өз бетімен сабақты ұйымдастыру түрін, тәрбиелеу және түзете-дамыту жұмыстарын, оқыту әдістерін таңдап, өндеуге;

3.3. ПМПК мекемесінің ұсынысы және ата-анасының келісімі бойынша жеке-түзету-дамыту сабақтарының мазмұнын, кестесін құрып, өзгертуге;

3.4. Отбасында оқытып тәрбиелеуде, рухани, физикалық дамытуда және емдік-профилактикалық мекемелерге ұсыныстарын беруге;

3.2. «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекеме міндетті

3.2.1. Міндеттенеді:

- баланың құқығы мен абыройын қорғауды;
- оқушының өмірін, психикалық денсаулығын нығайтуды, қорғауды;
- интеллектуалды, физикалық және жеке дамытуды;
- жеке ерекшелігін ескеруді;
- қызығушылықтары мен шығармашылығын дамытуды;
- оқушымен оқыту-тәрбиелеу үдерісінде жеке тіл табысуды;

3.2.2. Оқушының мектепте оқуын бастаған сәттен 4 аптадан кешікпей жеке түзете-оқыту бағдарламасын құруды;

3.2.3. ҚР заңына сәйкес оқушының білім алуына жағдай жасау, жеке түзете-дамыту жұмысы мақсатында физикалық және жеке дамуды қамтамасыз етуді;

3.3.4. ПМПК ұсыныстарымен жеке түзете-дамыта оқыту бағдарламасына сәйкес оқушыға мамандардың психологиялық-педагогикалық қолдауын ұйымдастыруды;

3.2.5. ПМПК ұсыныстары бойынша оқушының мектепте және қосымша сабақтарында болуына жағдай жасауды;

3.2.6. Ата-анасына жоғары дәрежелі көмек көрсету (арнайы мамандар құзыреттілігінде). Ата-ананы алдағы уақытта болатын кеңес жайлы, кеңес қорытындысы, оқу үдерісі туралы ақпараттандыруды;

3.2.7. Жеке түзете-дамыту бағдарламасы жұмысындағы ауытқулармен, немесе оны жүзеге асыра алмау жағдайына байланысты уақытылы бағдарламаға түзету енгізу үшін ата-ананы ақпараттандыруды;

3.2.8. Инклюзивті білім берудегі заңды нормативті актілермен, жергілікті актілермен, келісім уақыт қызметімен ана-ананы таныстыруды.

4. Ата-ананың құқықтары мен міндеттері

4.1. Ата-ана құқылы

4.1.1. Жарғылар мен келісімнің негізгі шарттарының орындалуын талап етуге;

4.1.2. Өзін-өзі басқару қызметі жұмысының құрылуына мектеп қызметінде басқару міндеттерінің және білім беру, мәдени, әлеуметтік әрекеттестік міндеттерін шешуде атсалысуға;

4.1.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарынан кеңес алуға;

4.1.4. Мектеп ППК мамандарымен бірігіп баланың түзете-дамыту бағдарламасын құрастыруға қатысу;

4.1.5. Оқу бағдарламасының даму тәртібімен танысуға, түзету, тәрбиелеу, оқыту тәсілдерімен, оқыту жағдайымен танысу жайлы жүгінуге;

4.1.6. Ұстаздар мен мамандарға оқу үдерісіне әсер ететін денсаулық жағдайымен, аурулары, емдеу курсы жайлы ақпар беруге;

4.1.7. Оқу бағдарламасын меңгеруіне әсер ететін қандай да бір медициналық-психологиялық-педагогикалық көмектің мектеп қабырғасынан тыс, басқа мекемелерде алғаны жайлы мектеп басшылығын уақытылы ескертуге;

4.1.8. Жеке түзету бағдарламасынан ауып кетумен және оны тудырушы себептерден уақытылы хабардар болуға;

4.1.9. Мектеп басшылығымен ақылдасып, сабақтарға қатысуға;

4.1.10. Мектеп Жарғысында көрсетілген Заңды міндеттердің жүзеге асуына ерікті көмек көрсетуге.

4.2. Ата-ана міндетті

4.2.1. ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес өз баласын тәрбиелеп, денсаулығын күтіп, физикалық, психикалық, рухани дамытуына жауапты болуға;

4.2.2. Мектеп басшылығын оқушыға тағайындалған ем жайлы, бұл ем оқу үдерісінің үзілуіне әкелетін болса ақпараттандырып отыруға (Бұл жағдайда мектеп басшылығы ата-анамен бірлесіп түзете-дамыту бағдарламасының жұмысына түзетулер енгізеді);

4.2.3. Мамандардың күн тәртібі, дамыту шаралары, үй жұмысының орындалуын және демалу, қозғалыс белсенділігін, ұсыныстарын ескеру, ПМПК ұсыныстары бойынша мамандардың балаға өткізетін жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарына баруын қадағалауға;

- 4.2.4. Баланың түзете-дамыту бағдарламасының құрылуына, оқыту тәрбиелеу сұрақтары бойынша ППК мамандарының кеңесіне қатысуға;
- 4.2.5. Мектептің қоғамдық іс-шараларына қатысуға;
- 4.2.6. Мектептің Заңды түрдегі жарғы міндеттері мен мектепішілік талаптарын, орындап, тәртіпке бағынуға.

5. Қорытынды келісім


- 5.1. Келісім бір оқу жылына құрылады, қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.
- 5.2. Келісімге өзгертулер қосымша келісім құру арқылы, бір жақты қағаз жүзіндегі өтініштен кейін жіберіледі, келісімнің құрамдас бөлігі болып табылады.
- 5.3. Келісім шарт екі дана болады, екеуі де бірдей заңды күшке ие. Әрбір жақта 1 данадан сақталады.

6. Екі жақтың мекен-жайлары:

Коммуналдық мемлекеттік мекеме
«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі
МДШО» мемлекеттік коммуналдық
мекеме

Ата-ана:
Байболова Назира Тынышбековна
Жеке куәлік № 041406601
Берілді МВД РК «05.04» 2017
Индекс, мекен-жайы
Алматы облысы, Балқаш ауд, Ақжар ауылы
Байланыс
үй: Тұйғынбаева №4
ұялы: 7 777 378 44 28


Мектеп директоры


(қолы)

Денгелбаева Назира Газизовна

«06» қазан 2023 ж

Ата-ана


(қолы)

Байболова Назира Тынышбековна

«06» қазан 2023 ж.

